ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМЫТУ ИНСТИТУТЫ

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ТӘРБИЕЛЕУ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ЖОСПАРЛАУ

Астана, 2023

# Заттық дамытушы ортаны ұйымдастыру

Дамытушы орта - заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта

- қауіпсіз (заттардың қауіпсіздігі мен жиһаздардың орнықты орналасуы);
- мазмұнды (заттар мен ойыншықтар, кітаптар, материалдар, құралдардың балалардың жасына және Үлгілік бағдарлама мазмұнына сәйкес болуы);
- бай болуы (барлық тәрбиеленушілердің ойын, шығармашылық, зерттеу, танымдық әрекеттері мен қимыл белсенділігін соның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытуға, қимылды ойындар мен жарыстарды ұйымдастыруға, балаларға қолжетімді материалдармен соның ішінде құммен, сумен эксперимент жасауға жабдықтардың (топта, дәлізде, ойын алаңында да) болуы);
- қолжетімді (барлық балалар соның ішінде ерекше білімді қажет ететін балалар үшін білім беру әрекеті жүзеге асырылатын барлық топ бөлмесі, кабинеттер, дәліздердегі ойындар, ойыншықтар, материалдар, құралдардың қол жетімділігі).;
- вариативті (ойын әрекеті, шығармашылық әрекетке, оңаша болуға және басқаларға аймақтардың болуы, сондай-ақ түрлі материалдардың, ойындар, ойыншықтардың және
- жабдықтардың болуы);
- көп атқарымды (балалар жиһаздарын, жұмсақ модулдерді, театрландырылған қойылымдарға арналған шымылдық және басқаларды түрліше қолдану мүмкіндігі, топта балалардың түрлі әркеттерінде қолдануға болатын табиғи материалдардың, ойындарда қолданатын алмастырушы заттардың болуы);
- өзгермелі (балалардың қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне және тәрбиелеу-білім беру процесінің мазмұнына сәйкес ортаны өзгерту мүмкіндігі).

# Қызығушылықтары орталықтары



Жұмсақ төсеніштерді қазақтың ою-өрнектерімен, геометриялық фигуралармен безендіріліп, жұмсақ матадан (велюр, атлас, шыт және басқалар) тігілген тыспен қаптап қоюға болады.

- Сюжетті-рөлдік ойындар орталығы
- Театрландырылған ойындарға арналған орталық
- Демалыс орны және балалардың оңаша ойнауына арналған үйшік
- Кітап бұрышы
- Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту орталығы
- Құрастыру және робототехника орталығы
- Табиғат және ғылым орталығы
- Шығармашылық орталығы



Орталықтар тек топ бөлмесінде ғана емес, сонымен қатар жатын бөлмеде, қабылдау бөлмесінде, егер жағдай жасалған болса, балабақшаның дәлізінде де құрылуы мүмкін

# ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ОРТАЛЫҚТАРЫ ДЕГЕН НЕ ?

1. Неден бастау керек ?
2. Қандай талаптарға сәйкес келуі тиіс ?
3. Тиімділігін қалай тексереміз ?

1. Бақылау арқылы жоспарлау.
2. Баланың жасы мен қызығушылығына, бағдарлама талаптарына сәйкес болуы
3. Бақылау арқылы

# Заттық дамытушы орта



**ТОПТЫҢ ҚАБЫРҒАЛАРЫ**

- баланың дамуына ықпал етуі, олардың жастарына сәйкес болуы;
- балаларға белгілі ақпарат беретіндей, яғни Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес болуы;
- Ұсынылған материалдар балаларға анық, көлемді қолжетімді болуы;

**ДӘЛІЗДІҢ ҚАБЫРҒАЛАРЫНДА**



- топтағы әрбір баланың түрлі әрекетпен айналысу кезіндегі, өзінің отбасымен бірге өткізген қуанышты сәттерінен фотосуреттермен безендіру;
- фотосуреттердің жақтауларын түрлі жіптермен, гүлдермен және басқа да түрлі материалдармен безендіру;
- Безендіруге топтың ата-аналарын тарту

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМНЫҢ ДӘЛІЗІНДЕ**

- балалардың өміріне қажетті дағдыларды меңгеруі үшін бауларды байлау, түрлі құлыптар мен сырғытпаларды (замок) ашу және жабуга арналған бизибордтар;
- түрлі балаларға арналған тапсырмаларымен қалталарға жасырылған суреттерді табуға және жапсыруға және т.б. ойындар.

# ЗАТТЫҚ ДАМЫТУШЫ ОРТАНЫ ҚАЛАЙ ҰЙЫМДАСТЫРАМЫЗ ?

1. Кімдермен бірге ?
2. Қаншалықты жиі өзгертіп отыру керек ?
3. Қалай пайдаланасыз ?

1. Ата-ана, баламен, тәрбиеші көмекшісі, педагог, психолог, әдіскер
2. Баланың қызығушылығы мен бағдарламаның міндеттеріне қарай. ҰӘ жоспарына сәйкес.
3. Педагогикалық процесті ұйымдастыруға

# Қазақ халқының тұрмыстық заттары мен салт-дәстүрлерімен таныстыру





- туған елдің, Отанның тарихы мен мәдениетіне баулу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру;
- мектепке дейінгі ұйымда арнайы орын немесе кабинет жасақтау;
- қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, музыкалық аспаптарымен, әшекей бұйымдарымен, ұлттық киімдерімен және басқалармен жабдықтау;
- қазақ халқының ұлттық ойындарын («асық», «бес тас» және басқалар) ойнауға орындарды жабдықтау;
- балалардың түрлі әрекеттерін, сондай-ақ «әжелер мектебі», «аналар мектебі», «әкелер және аталар мектебі» жұмыстарын және басқа да шараларды ұйымдастыру

Мектепке дейінгі ұйымның ғимаратында орналасқан кабинеттерді, дәліздерді және жер учаскесіндегі балалар алаңының білім беру әлеуетін арттыру, олардың барлық мүмкіндіктерін білім беру ресурсы ретінде кеңінен тиімді қолдану.

# ҚҰНДЫЛЫҚ ДЕГЕН НЕ ?

1. Құндылық неден көрінеді ?
2. Құндылық бала бойында қалай қалыптастырылады ?
3. Құндылық өлшене ме ?

1. Денсаулық, адамгершілік, рухани, отбасылық, ұлттық, жеке бас құндылығы, әлеуметтік
2. Үлкеннің үлгі көрсетуінен, отбасы өнегесі арқылы, өмірлік дағдыларының қалыптасуы, құзіреттілігі, өз-өзіне қызмет етуі, қамқорлығы, жауапкершілігі, инабаттылығы, ізеттілігінен көрінеді
3. Өлшенбейді, бірақ адамның іс-әрекетінен, сөзі мен ісінен көрінеді

# Мобильді кітапхана

- педагогтердің алдын-ала әзірлеген ертегілері, шығармалары, өлеңдер, тақпақтар және басқалардың аудио жазбасын жылдам жауап беру кодымен (QR) карточкалар
- балаларға ыңғайлы жұмсақ төсеніштермен, кресломен, үстел, орындықтармен жабдықтау;
- ата-аналар балаларымен бірге шығарманы тыңдауға немесе жаттауға берілген тақпақтарды, өлеңдерді үйде балаға үйретуге жазып алуына мүмкіндік беру, кітапхана қорын құру


















# БАЛАНЫ КІТАП ОҚУҒА ҚАЛАЙ ҚЫЗЫҚТЫРАСЫЗ ?

1. Қандай кітап оқып бересіз ?
2. Қалай таңдайсыз ?
3. Не нәрсеге мән бересіз ?
4. Қалай ұйымдастырасыз ?

1. Ертегі, әңгіме, санамақ, мақал-мәтел, жаңылтпаш, тақпақ, өлең
2. Жасына сәйкес, қызығушылығына қарай
3. Анық, қызықты, сөзі түсінікті, ашық түсті, түрлі-түсті, қанық, мәні
4. Ұйқыға жатарда, сұрауы бойынша баланың, жұмыс тақырыбына сәйкес, баланың қасына отырамыз, көрінуі керек, әсерлі баяндау керек, интонация

# КІТАПҚА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ОЯТУ



## КІТАП БҰРЫШЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

- ❑ кітап бұрышын толықтыруға ата-аналарды тарту
- ❑ үйге уақытша кітаптарды беру
- ❑ Буккроссинг ұйымдастыру
- ❑ ата-аналар мен балалардың кітап бұрышын бірге пайдалануы үшін жағдайлар жасау



## Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, ұйымдарының педагогтері жүргізетін міндетті құжаттар тізбесі (ҚР ОАМ 27.08.22ж № 382 бұйрығы)

| № р/с | Перспективалық жоспар |
|---|---|
| 1 | Сөйлеуді дамыту. Балалардың сөйлеу тілін заттардың қасиеті мен сапасын білдіретін сөздермен байыту |
| 2 | Көркем әдебиет. Кейіпкерлерді ойнағанда мінез-құлқын бере білуге, интонациясын қабылдауға үйрету |
| 3 | Математика негіздері. Заттардың бір тобын екіншісіне бірізділікпен беттестіру және қосу |

| | Циклограмма |
|---|---|
| | коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті |
| | қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті |
| | ойын, зерттеу іс-әрекеті |

Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі (оқу жылының басында бір рет **баланың оқу жылына арналған жеке даму картасын** әзірлейді және диагностиканың (бастапқы, аралық, қорытынды бақылау) нәтижелері бойынша жеке даму картасына өзгерістер енгізеді)

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым (балабақша/шағын орталық) ____________________________________________________________________

Топ ____________________________________________________________________

Балалардың жасы____________________________________________________________________

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) ____________________________

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша (жыл мезгіліне байланысты балаларды киіндіру) кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)** | Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, педагог күні бойы ұйымдастырған әртүрлі балалар іс-әрекеті (**ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.<br>Ойын бұрышындағы ойындар, сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, үстел үсті ойындары( пазлдар, домино), құрастыру, кітаптарды қарау, табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>**Балалармен жеке жұмыс.** | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңертеңгі жаттығу кешені (**қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** Сапқа тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамытушы және тыныс алу жаттығулары. | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті** (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>**Гигиеналық шаралар** (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу, көркем сөз қолдану мысалы, Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз)<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру,тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалармен әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. үшін жиналады. Балалар педагогке ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен әрекет, кезекшілік). | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1. Сауат ашу негіздері** | **1.Қазақ тілі<br>2.Дене шынықтыру** | **1. Сауат ашу негіздері 2. Музыка** | **1.Қазақ тілі<br>2. Дене шынықтыру** | **1.Музыка<br>2.Дене шынықтыру** |
| | **Ұйымдастырылған іс-әрекет арасында сергіту сәттері өткізіледі.** | | | | |
| **2-ші таңғы ас** | 2-ші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау **(мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, еңбек әрекеті**, (кезекшілік)<br>Тамақтану (балалардың үстел басында дұрыс отыруын қадағалау, алаңдамау **(сөйлеуді дамыту, коммуникативтік әрекет).** | | | | |

| | |
|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). |
| **Серуен** | Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (**қоршаған ортамен таныстыру**, танымдық және зерттеу іс-әрекеті), әңгімелесу (**сөйлеуді дамыт**у), ересектер ұйымдастырған спорттық, қимылды және ұлттық ойындар (**дене белсенділігі),** еңбек әрекеті. |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың реттілікпен шешінуі, жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем, әрекет, дербес ойын әрекеті). |
| **Түскі ас** | Таңғы ас алдында гигеналық шараларды орындау (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**<br>Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>**Гигиеналық шаралар** (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу, көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы жағдай жасау (баяу музыка тыңдау). Кітап, журналдар оқып беру (көркем әрекет) |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). |
| **Бесін ас** | Гигеналық шараларды орындау (**мәдени-гигиеналық дағдылар**). Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу (**сөйлеуді дамыту).** |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, педагог күні бойы ұйымдастырған балалардың әртүрлі әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Балалармен жеке жұмыс Жеке картаға сәйкес: әңгімелесу, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, байланыстырып сөйлеу, Бейнелеу әрекеті арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т.б. **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** өткізіледі. |
| **Серуенге дайындық** | **Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) тақырыбына жеке әңгімелер өткізу** |
| **Серуен** | Ауа – райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау (**қоршаған ортамен таныстыру, бақылау, зерттеу іс-әреке**ті), әңгімелесу (**сөйлеуді дамыту),** көркем сөз **(көркем әдебиет), ересектер ұйымдастырған спорттық, қимылды және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек әрекеті.** |
| **Серуеннен оралу** | **Балалардың киімін ретімен шешу,** дербес және ойын әрекеті |
| **Кешкі ас** | Гигеналық шараларды орындау (**мәдени-гигиеналық дағдылар).** Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтану мәдениетіне баулу, **(сөйлеуді дамыту, коммуникативтік әрекет).** |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | Балалар әрекетінің әртүрлерінде **(ойын, қимылдық, танымдық, шығармашылық, зерттеу ,эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету** ) іске асырылады |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. |

# Мектепте дейінгі ұйымдарға баратын балалардың дамуындағы басымдықтар



### БАЛАНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫ

- Әлеуметке бейімделген
- Көпшіл
- Дербес

### ЗИЯТКЕРЛІК ДАМУЫ

- Қоршаған әлемді бақылайды және зерттеу әрекетіне қызығушылық танытады
- Әртүрлі материалдармен, құрастыру, бейнелеу әрекетінің түрлі техникаларымен жұмыс істеу дағдыларын меңгерген
- Өзі тұратын қаланы (ауылды), елін және оның астанасын атайды
- Ата-анасының аты-жөнін, жұмыс орнын біледі
- Жыл мезгілдерін, айларды және апта күндерін біледі
- 10-ға дейін тура және кері санай алады
- Заттарды маңызды белгілері бойынша біріктіреді
- Сурет бойынша әңгіме құрайды
- Айтылған сөздегі берілген дыбысты анықтайды
- Заттарды ұқсастықтары бойынша сәйкестендіре алады, геометриялық фигураларды біледі
- Кеңістіктік ұғымдарын ажыратады

### МЕКТЕПТЕ ОҚУҒА ФИЗИКАЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫ

- Физикалық тұрғыдан белсенді
- Салауатты әдеттердің пайдасын біледі
- Мәдени-гигиеналық шараларды орындайды
- Салауатты өмір салты туралы қарапайым түсініктерге ие
- Қимылды ойындарды ойнайды
- Қимылдары, қолдың ұсақ моторикасы дамиды

### ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫ

- ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынас жасау құралдары мен өзара әрекет ету тәсілдерін меңгерген
- ата-аналарымен, достарымен, туыстарымен қарым-қатынас барысында оларға құрмет көрсетеді
- жақындарына, айналасындағы адамдарға, туған өлкесіне сүйіспеншілік пен қамқорлық танытады

# МАЗМҰНДЫ ЖЕТІЛДІРУ

*(2021-2023 жылдар)*

**СТАНДАРТ**

***Модель тұрғысынан қаралды:***

*1. Мақсат, міндеттер*
*2. Глоссарий*
*3. Мазмұн*
*4. Жүктеме көлемі*
*5. Білім-білік дағдыларын дамыту*
*6. Оқу ұзақтығы*
*7. Педагогикалық процесті ұйымдастыру*
*8. Ынтымақтастық*
*9. Кері байланыс*

**ОҚУ ЖОСПАРЫ**

*1. Жеңілдетілген*
*2. Білім салалары қайта өңделген*
*3. Ықшамдалған*
*4. Оқу бағдарламасына кіріктірілген*
*5. Оқу жүктемесі азайтылған*

**ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

*1. Ерте жас*
*Күн режимі*
*Бала денсаулығын қорғау*
*Физикалық дамуын ұйымдастыру*
*Ойын-сабақ*
*2. Ортаңғы топ*
*Тіл дамыту*
*Қоршаған ортамен танысу*
*Ойын арқылы оқыту*
*3. Мектепалды дайындық*
*Қамқорлық және қауіпсіздік*
*Сауат ашу*
*Қарапайым математикалық түсініктер*
*Табиғатпен танысу*
*Ойын арқылы оқыту*

**ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НҰСҚАУЛЫҒЫ**

*1. Балалардың жасына қарай физиологиялық дамуы*
*2. Күн тәртібі*
*3. Балалардың денсаулығы мен өмірін қорғау*
*4. Білім беру салалары бойынша мақсат міндеттері*
*5. Білім салалары бойынша тәрбие мен оқыту мазмұны*
*6. «Ойын арқылы оқыту»*
*7. Күтілетін нәтиже*

# БАЛА – ОҚУҒА БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСУШЫ

**Баланы толыққанды дамыту**




**Дағдылардың дамуы:**

- физикалық
- коммуникативтік
- танымдық
- шығармашылық
- әлеуметтік-эмоционалды

**Ойын – жетекші әрекет**



**ІС-ӘРЕКЕТТЕР ТҮРЛЕРІ АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ:**

- ✓ математикалық түсініктер
- ✓ сөйлеуді дамыту және кітапқа қызығушылықты ояту
- ✓ әлемді тану және зерттеу әрекеті
- ✓ физикалық белсенділік
- ✓ құрастыру
- ✓ музыка
- ✓ шығармашылық
- ✓ ойын

# Анықтама үшін:

8 (7172) 28-09-50

i-rrd2021@mail.ru

doshkola_kz

Мектепке дейінгі ұйым педагогтері (клуб)

Балаларды ерте дамыту институты

www.irrd.kz

YouTube ИРРД